

Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігіне Чех Республикасынан оқ-дәрісімен және керек-жарағымен қару әкелуге рұқсат беру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің ҚАУЛЫСЫ »1998 жылғы 5 тамыз N 744

"Қазақстан Республикасында тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) экспорты мен импортын лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 30 маусымдағы N 1037 Р971037_ қаулысына сәйкес (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1997 ж., N 29, 266-құжат) Қазақстан Республикасының Үкіметі Қ А У Л Ы Е Т Е Д І :

1. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігіне Чех Республикасынан "Банзай ЛТД" чех компаниясының Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігіне тегін беретін, қосымшаға сәйкес оқ-дәрісімен және керек-жарағымен қару әкелуге рұқсат берілсін.

2. Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен лицензия берсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің»1998 жылғы
5 тамыз
N 744 қаулысына
қосымша

Қарудың, оқ-дәрілер мен керек-жарақтың тізбесі

1. Тапаншалар СЭҚ ТН

ЧЗ 75 Б 9мм "Люгер" тапаншасы	- 75 бірлік	930300100
ЧЗ 75 Д 9мм "Люгер" тапаншасы	- 30 бірлік	бұл да
ЧЗ 83 7,65 мм Браунинг	- 20 бірлік	930200900
ЧЗ 100 9 мм "Люгер" тапаншасы	- 10 бірлік	930200100

2. Оқ-дәрілер

9 мм "Люгер" патрондары	- 35 000 дана	930630100
7,65 мм Браунинг патрондары	- 10 000 дана	бұл да

3. Тапаншалардың керек-жарақтары

ЧЗ 75 Б арналған оққалта	- 32 дана	930510000
ЧЗ 75 Д арналған оққалта	- 30 дана	бұл да
ЧЗ 83 7,65 Браунингке арналған оққалта	- 15 дана	бұл да
ЧЗ 100 9 мм "Люгер" арналған оққалта	- 10 дана	бұл да
Ағаш саптар	- 81 дана	бұл да
ЧЗ 75 арналған резеңке саптар	- 35 дана	бұл да
Тритий көздегіш	- 24 дана	бұл да
Тритий қарауыл	- 61 дана	бұл да

4. Тапанша қаптары

ЧЗ 75 арналған	4202	
НО 249 қолтықтың астынан тағылатын	- 30 дана	бұл да
ЧЗ 100 арналған		бұл да
НО 202-5 белге тағылатын	- 10 дана	бұл да
НО 208-3 белге тағылатын	- 1 дана	бұл да
НО 218-1 қолтықтың астынан көлденең тағылатын	- 4 дана	бұл да
Қызметтік белдік	9 жиынтық	бұл да

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК